

## Хаттама №1

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2023жылдың 23 қаңтары күні қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Қатысқаны – 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес төрағасының есебі
  2. Ата-аналар мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері
  3. 2022-2023 оқу жылында қамқоршылық кеңесін құру нұсқаулығымен таныстыру, қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау
  4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту
1. **Тыңдалды.** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Алмышев 2021-2022 оқу жылында мектеп пен қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесе жұмыстар атқарылды. Жыл бойына мектепішілік ісшаралар 1-қыркүйек Білім күні, Қайырымдылық акцияларға қатысып, қолдау көрсетемін. Сонымен қатар, учаскелік инспектор Т.Ебжасаровпен өткен жалпы ата-аналар жиналыстарына қатысып және әр айдың соңында мектеп асханасына бақылау жасап отырамын.
2. **Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директоры А.Мырзағалиев 2021-2022 оқу жылында мектебімізде жалпы 154оқушымен аяқтадық.Мектебімізге сыртқы, ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мектебіміздің әлеуметтік желілеріне тұрақты үрде enbek.kz сайтына жарияланған бос қызметтер орындары да жарияланып тұрады. Мектебімізде 1-11 сыныптар арасындағы көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім , әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп директоры А.Мырзағалиев кеңес мүшелеріне мектеп жарғысы өзгерген жағдайда, ұсыныстар бере алатындығын, білім ұйымының даму жоспарын жасауға қатыса алатындығы , мектептегі мемлекеттік емтихандарға қатысу комиссиясына қатысуға міндетті екендіктерін айтты.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы айтылды. Қамқоршылық кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, мектепке жабдықтар, материалдар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер сатып алу үшін көмектесу үшін құрылды. 2022-2023 оқу жылында жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.
4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп директоры қамқоршылық кеңестің құрамымен таныстырып өтті.  
Қамқоршылық кеңестің жоспары құрылып, бекітілді. Кеңес мүшелері арасында жоспарлар талқыланып, таныстырылды.

### Қамқоршылық кеңес шешімі:


1. Жаңа 2022-2023 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің жұмыстары одан әрі белсенді жүргізілсін.
2. Жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңестің хатшысы :



Г.Табанова

## Хаттама №2

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2023жылдың 15 мамыры күні қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Қатысқаны – 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру
2. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға көмек көрсету

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша - ДТЖО: Сәмиева Гүлжайна

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагеріне ыстық тамақ ішетін 18 оқушы қамтылады. Ал мектеп жанындағы демалыс лагеріне (тамақсыз) 41 оқушы қамтылады деп жоспарлап отырмыз. Жазғы демалыс лагерінің жоспары дайындалып жатыр. Сонымен қатар оқу озаттары және лауреаттарға байланысты 5-8сынып аралығында баратын оқушылар тізімі кесте бойынша сыртқы тынығу лагеріне баратын оқушылардың ата-аналарының және оқушының жеке басын куәландыратын құжаттарын дайындап, Байғанин аудандық білім бөліміне жіберілді. Қазіргі таңда осы жұмыстармен айналысып жатырмыз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Нұғыман.

Жыл басында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жетім және жартылай жетім отбасы балаларын анықтау мақсатында сыныптарға зерделеу жұмыстары жүргізілді. Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны- 72, аз қамтылған отбасы бала саны- 8, жартылай жетім, яғни әкесі жоқ бала-1. Осы аталған әлеуметтік жағдайларын ескеріп, бала анықталып осыларға жыл бойы көмек көрсетіп келеміз.

**Сөйлеушілер:**

Тапаева Лимаш- зейнеткер. Жазғы мектеп жанындағы лагерь оқушылардың жазғы демалысында денсаулығын нығайтып, дене тәрбиесін шыңдап, күш жинауға, білімін толықтырып жаңа әсер алуына ықпал жасайды. Белсенді түрде демалудың бір түрі. Еркін пікір алмасуға мүмкіндік алады. Еркін, қалыпты жағдай балалардың өз еркімен әрекет жасау қабілетін дамытуға жол ашады, белсенділігін арттырады. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі.

Әлеуметтік педагог Қ.Нұғыманмен тығыз байланыс жасап отырамыз. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, жартылай жетім отбасы балаларын облыстық, аудандық жаңа жыл шыршаларына жіберіп отырады. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға демеушілерден және мектеп әкімшілігінен жылы киімдер, оқу құралдар жаңа жылдық сыйлықтар беріліп отырады.

**Қамқоршылық кеңес шешімі:**


1. Мектеп жанындағы тынығу лагерінің жұмысы жандадырылсын.
2. Жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған отбасы балаларының әлеуметтік диагностикасы жасалып, үнемі мониторинг жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңестің хатшысы:



Г.Табанова